

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№9 хаттамасы**

**Қордай ауылы
Қордай ауданының әкімдігі**

**16.09.2025 жыл
сағат 10:00**

Қатысқандар: Қордай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Сахатов Б.О., аудан әкімінің орынбасары Бақаев Ж, Төлебаев Аркабек - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі, Р.Ағыбаев - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Олжас Көкей, Қордай аудандық қоғамдық Кеңес төрағасы Молдабеков Н.С., Қордай ауданының ветеринария бөлімінің басшысының міндетін атқарушы А.Мәрсінбай қатысты.

Хатшы: - Р.Имашева

Күн тәртібі: 1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі, және кеңес мүшелері және облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы Қордай ауданының ветеринария бөлімінің жұмыстарына қоғамдық мониторинг жүргізу.

2. Азаматтарды қабылдау

28 тамыз 2025 жылы Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі тарапынан төралқа мүшесі А.Төлебаев, кеңес мүшесі Р.Ағыбаев, Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Олжас Көкей Қордай ауданының ветеринария бөлімінің жұмыстарына қоғамдық мониторинг жүргізуге келді. Олар алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Б.Сахатовтың және аудан әкімінің орынбасары Ж.Бақаевтың қабылдауында болды.

Облыстық кеңес мүшелері аудан әкімдігінің ғимаратында жиын өткізді. Жиынға Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі Аркабек Төлебаев, облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі кеңес мүшесі Р.Ағыбаев, Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Олжас Көкей, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков, Қордай ауданының ветеринария бөлімінің басшысының міндетін атқарушы А.Мәрсінбай қатысты. Облыстан келген қоғамдық кеңес мүшелері және ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Олжас Көкей ветеринария саласы бойынша Қордай ауданының ветеринария бөлімінің басшысының міндетін атқарушы А.Мәрсінбайға сұрақтар қойылып, қойылған сұрақтарға А.Мәрсінбайға нақты жауап берді. Осыған орай, жадынамаға да арнайы анықтама төмендегідей берілді.

7-тармақ. Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) ұйымдастыру;

Басқарма облыс аумағындағы мал қорымдарын салуды, қайта жаңартуды (реконструкциялауды) және олардың дұрыс күтіп-ұсталуы мен санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл — сібір жарасы сияқты аса қауіпті аурулардың таралуына жол бермеу үшін маңызды.

Қазіргі уақытта ауданда 4 ауылдық округте Кенен, Қаракемер, Қакпатас және Қасық жұмыс істеп тұрған биотермиялық шұңқыр бар. 2025 жылы қосымша 7 биотермиялық шұңқыр салу жоспарланған. (Ауқатты, Сортобе, Қордай, Ноғайбай, Алға, Үлкен Сұлтутөр, Степной)

4 ауылдық округте (Ауқатты, Сортобе, Қордай, Ноғайбай) құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде Ауқатты, Сортобе, Ноғайбай ауылдық округте құрылыс 90% аяқталған, қалған 3 ауылдық округтерде (Алға, Үлкен Сұлтөр, Степной) құрылыс жұмыстар жүргізу жақын арада басталу жоспарланған.

13-тармақ. Ауру жануарларды санитариялық сою;

Ауданымызда 2025 жыл басынан ірі қара малдан 11 бас және 9 бас ұсақ малдан бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсетілген. Барлығы санитарлық союға жіберілген.

14-тармақ. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою;

Басқарма қаңғыбас жануарларды аулауды және жоюды ұйымдастырады. Қордай ауданы бойынша өтініштерге сәйкес 423 бас қаңғыбас иттер жойылды.

Қордай ауылында жеке кәсіпкерге қаңғыбас иттерге арналған питомник салу үшін жер телімі беріліп, құрылыс жұмыстары 50% көлемінде орындалған. Қазіргі уақытта кәсіпкерде су және электр жүйесіне қосылуға қаражат жетіспей тұр, бұл жобаның толық аяқталуын тежеп отыр.

21-тармақ. Жануарларды бірдейлендіру дерекқоры

Басқарма ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастырады.

Аудан бойынша ірі қара малдың төлі 21152 бас, ұсақ малдың төлдері 125065 бас, құлындар 3500 бас және 250 торайлар дерекқорына енгізілді.

22-тармақ. Эпизоотия ошақтарын зерттеп-қарау

Аудан бойынша аса қауіпті аурулар бойынша жануарлар арасында жұқпалы ауру ошағы тіркелген жоқ, ветеринар мамандар эпизоотиялық мониторинг жүргізеді, жағдайды зерттеп, бақылайды.

25-тармақ. Энзоотиялық аурулардың профилактикасы мен диагностикасы

– Басқарма энзоотиялық (жергілікті таралатын) ауруларға қарсы препараттарды сатып алып, сақтауды, жеткізуді ұйымдастырады. Ветеринария бөлімі жануарларға екпе жұмыстарын жүргізеді.

Аудан бойынша 2025 жылы 1900 доза жылқы малының сақауына қарсы және 3140 бас жылқы малдың сальманеллезге, 55460 доза ұсақ малдың сальманеллезге қарсы екпе жұмыстары жүргізілді.

27-тармақ. Халықпен ағарту жұмысы

Ветеринария бөлімі тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Мысалы: жұқпалы аурулардың алдын алу, вакцинацияның маңызы, қаңғыбас жануарлардың қауіпі жөнінде ақпарат таратады.

28-тармақ. Жануарларды бірдейлендіру іс-шараларын ұйымдастыру

ауыл шаруашылығы жануарларын сырға салу, төлқұжат беру жұмыстарын ұйымдастырады. Бұл мал басын есепке алуға және бақылауды жеңілдетеді.

16 қыркүйекте Қордай ауданы әкімдігінде Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңестің ұйымдастыруымен Қордай ауданы бойынша ветеринария саласына жүргізілген қоғамдық мониторинг аясында азаматтарды жеке қабылдау өткізілді.

Қоғамдық қабылдауды Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі Арқабек Төлебаев, Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі комитетінің мүшесі Рәпілбек Ағыбаев және Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Олжас Көкей жүргізді. Оның жұмысына Қордай аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков қатысты.

Қоғамдық азаматтарды қабылдауда Қордай ауылының тұрғындары және ветеринария мамандары Көшербаев Қ, Соколинская Т, Әмірғали ұлы Серік, Қожаханұлы Әсет болды. Қоғамдық қабылдау барысында ветеринария саласына қатысты тұрғындар тарапынан бірқатар өзекті сұрақтар көтеріліп, тиісті түсіндірмелер берілді. Сонымен

қатар, осы салада жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижесінде келесі мәселелер мен қорытындылар анықталды: 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің Ветеринария басқармасы тарапынан ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі және ауқымды жұмыстар атқарылған.

Аса қауіпті аурулардың алдын алу мақсатында биотермиялық шұңқырлардың (мал қорымдарының) құрылысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда ауданда 4 жұмыс істеп тұрған шұңқыр бар. 2025 жылы қосымша 7 шұңқыр салу жоспарланған. Оның ішінде 3 нысанда (Ауқатты, Сортөбе, Ноғайбай) құрылыс жұмыстары 90%-ға аяқталған. Қалған 4 нысанда (Алға, Үлкен Сұлтұт, Степной, Қордай) құрылыс жұмыстары жуық арада басталады.

Ауру малды санитариялық сою, жануарларды бірдейлендіру, эпизоотиялық және энзоотиялық ауруларға қарсы профилактикалық шаралар белгіленген жоспарға сай іске асырылуда. Атап айтқанда, бруцеллезге шалдыққан 20 мал санитариялық жолмен жойылып, қалған ауру малға вакцина егілді.

Қаңғыбас жануарлармен күрес те назардан тыс қалмаған. Ағымдағы жылы 423 бас қаңғыбас ит жойылды. Сонымен қатар, Қордай ауылында арнайы питомник салу жұмыстары жүргізілуде. Алайда құрылыс жұмыстары су және электр желілеріне қосылу үшін қажетті қаржының тапшылығына байланысты толық аяқталмай отыр.


Жануарларды бірдейлендіру, дерекқорды жаңарту, сырғалау және төлқұжат беру, сондай-ақ халықпен ағарту және түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде. Бұл шаралар тұрғындардың ветеринариялық сауаттылығын арттыруға және жұқпалы аурулардың алдын алуға оң ықпал етуде.

Қоғамдық мониторинг нәтижелері көрсеткендей, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласында бірқатар оң жұмыстар атқарылғанымен, құрылыс жобаларының толық аяқталмауы және қаржыландыру мәселелері сынды кейбір түйткілдер әлі де бар.

Осыған байланысты қоғамдық қабылдау барысында көтерілген сұрақтар мен анықталған мәселелер тиісті уәкілетті органдарға жолданды.


Келесі күні 17 қыркүйек күні облыстық Қоғамдық кеңес мүшелері аудан әкімі Бегзат Болатбековпен кездесіп, сапар барысындағы көтерілген сұрақтар төңірегінде сөз қозғап, аудан басшысына туындаған мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Өз кезегінде Бегзат Сейсенқұлұлы Қордай ауданы бойынша ветеринария саласында қолға алынып жатқан шаралар турасында сөз етіп, өз ой-пікірлерімен бөлісіп, кеңес мүшелері тарапынан айтылған ұсыныстарды назарға алатынын ескертті. Әрмен қарай, облыстық Қоғамдық кеңес делегациясы аудандағы ветеринария саласындағы нақты жағдайын бағалау мақсатында бірқатар нысандарды аралады.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева